


Бақыт Әбділманова

Жыр-тұмар





Бақыт Әбділманова

Жыр-тұмар

Өлеңдер

АЛМАТЫ
“ЖІБЕК ЖОЛЫ”
2004

Әбділманова Б.

Ә 14 **Жыр-тұмар. Өлеңдер.** – Алматы: “Жібек жолы” баспа үйі, 2004. – 102 бет.

ISBN 9965-637-28-8

Бақыт Әбділманова – ұстаз болумен бірге, жанына өнерді серік етіп, көңілін толқытқан сан сезімдерді олең арқылы өре білген талантты жан. Өлеңдері аудандық, облыстық баспасөз беттерінде жарық көрген. Оқырмандарға ұсынылып отырған бұл кітап – автордың тұңғыш жыр жинағы.

ББК 84 Қаз 7-5

Ә $\frac{4702250202}{430 (05) - 04}$ хабарланбаған – 2004

Әлди әнмен өрiлген өлеңдер

Қоламгер қыз-келiншектердiң қатары өсiп, қара-
ғы қобыз қоғам үшiн де, заман үшiн де үлкен игiлiк.
Бұл қоғамның ой өресi биiктеп, заманның тынысы
көшiп түскенiнiң, ең бастысы халықтың өркениет ас-
тарына қадам басуының нышаны. Ал олардың денi
өзiн жазып, ақындыққа бой ұрса, бұл бастау көзi
бұрылып ендi ашылған рухани байлық. Әйткенмен
өзiн ақындықтың өзi қазақтың қанына ананың ақ сүтiнен
арып, әлди әнмен оянатын қасиет қой. Ырғақпен
өрiлiп, үйқаспен өрнектелiп, бесiк жыры арқылы бойға
өсетiн бұл қасиет өнерге айналып бiреудiң жүрегiнде
өртi, бiреудiң жүрегiнде кешiрек бұр жарады. Әлди
әнмен дарыған Бақыттың да ақындық өнерi сәл
кешiрек, өзi ана болып бесiк жырын сызылтқан сәттен
басталған сияқты.

Үлiк жылдар бойы ұстаздық етiп ұрпақ тәрбиелеу-
мен сүмыр кешкен ананың өлеңмен бiрегей шұғылда-
нуы мұршасы келмегенi, қолы да тимегенi аян. Де-
генмен көкiрегiн толқытқан ойларын, көңiлге түйген
өңiрлерiн қолы қалт босағанда қағазға түсiруге уақыт
өткiзiп үқсайды. Оларынан аттың жалы, атанның
сөмкесi дегендей, асығыстық табы байқалғанмен,
өңiрлерi тебiрентер жан сыры айқын көрiнедi. Бала-
ның бiл доуренi сүм соғыстың от-жалынына шарпыл-
ған өңiн нәрестесiн тербете отырып бесiк жырына

салғанда да көз алдында жетім бала, жесір ана, майданнан оралмаған әке, ұлынан күдер үзбей ұдайы жолына қараумен күн кешкен әже тұрады. Тылдағы күйкі тірлік, кем-кетік от-жалынның ортасынан аман есен оралып, тұрмыс көшін түзейтін ел азаматтарын аңсатады. Олардың майданнан жазған хаттарын қолдан-қолға түсірмей жырдай ғып айтқызады. Осылардың бәрі-бәрі әлди әнмен тербетіліп, жүрекке өлең жолдары болып түзіледі.

Бір қолында қазаны, бір қолында қаламы, қолында кітабы, алдында қағазы жатқан ақын ананың бесік жыры басқаларға ұқсамай өзінше өріледі.

“Ұзақ түнде ой мазалап қорқамын, өлеңімді оқырма деп ұрпағым?!” деп ақын ағасы, атақты Әбділді айтқандай, бұл да ана тілін білмей өссе, ертеңгі ұрпақтың күні не болады деп қатты толғанады. Баласын уысынан шығарып алған ата-аналар тым құрығанда немерелеріне туған тілдің мәйегін емізсе екен, деп терең тебіренеді. Сол тілегін келіндерінің құлағына құйып, көкірегіне ұялатуға ұмтылады.

*Қазақтың бұл баласы,
Қандай әсем, қарашы.
Жаным десең, жанары
От-жалын боп жанады.
Өз тіліңнен жерінбе,
Үйренуден ерінбе.
Үйреніп қал, келінім,
Менің тірі кезімде,—*

дейді айналып-толғанып немере әлдилеген ақ тілеуді әже. Тек әрбір ана туған тілдің көсегесі көгеруін осылай тілесін де.

Ақынның өлеңі – өмірі. Яғни оның өмір жолы өлең жырларында сайрап жатады. Ал Бақыттың өмірбаяны туған жермен бітеқайнасты біртұтас. Сондықтан да оның жырлары туған жерінің тамылжыған сұлу табиғатының өрін ашып, сәнін сипаттайтын сырлы сурет сынды. Ол өзі өскен өңірдің сұлу суретін сөзбен көрсеткен қана қоймай, адамның өктем күші, заманның адуын ағыны тұмса табиғатқа салмағын салып, торлабын тигізіп жатқанын да жасырмай, жырластарын, елдестерін айналадағы ортаны аялап мұршағи үндейді. Жөн-жосықсыз, жоспарсыз ашық қалың қызылған уран кенінің кесірінен өлі суға айнылып, ұшқан құс, жүзген балығынан айырылып, өлген Сумалкөл мен Ақан серінің Қоскөлі құрып бара жатқанын көз жасына булыға отырып жазады.

Қан майданда қыршынынан қиылған әкесін жыртқан да, он екі де бір гүлі ашылмай жесір қалған анасын илсе да, бейбіт өмірде бейқам өсіп жатқан баласын аяласа да, дос-жаран, жақын-жұрат, туғандар мен құдандалыларға жыр арнаса да – соның бәрінде ақынның өзі, оның мазасыз да мағыналы, өмірлік де зейнетті өмірі жатады. Ері күйеу болып келген жерін, өзі келін болып түскен жерін жырға өскенде да жұртының текті затын, ұлтының игі салмағын көтеріп, мақтан тұтып отырады.

Оның өзінің де шыққан жері күллі Көкше өңіріне алып өлгілі текті тұқым. “Құлагер кішкенеде керім еді, нағашым сұрағанда беріп еді” – дейтін Ақан ағамыз нағашы жұрты Қарауыл ішінде Көбей руы. Көбейлер өлгілі сері, әйгілі ақын, асқақ әнші, ұлы сазгер Ақынның түп нағашысы. Шөкей атты дөңгелек шаруаны иіледен Құлагерді ақынға алып берген Көбейдің өлгілісі Әйберген қажы.

Қажы бір жағынан Қорамса тұқымына күйеу де. Сол Әйберген қажының ұрпағы Бақыт Әбділманова, демек, Ақан сері өулетіне шөбере-шөпшек жиен болып келеді. Олай болса оның ақындық қабілеті тұқым қуып, ұрпақтан ұрпаққа ұласып келе жатқан қасиет. Лайымда сол қасиетің бар қырынан ашылып, әлди әнмен өрілген өлеңдерің өуелей берсін!

*Сарбас Ақтаев,
Қазақстанның еңбек
сіңірген қызметкері*

Қасиетті тұмарым Шолақөзек

Бейіті бар бабамның,
Кіндік қаным тамған жер.
Аңсап келсем алыстан,
Сүйер беттен самал жел.
Шолақөзек ауылым,
Сүтті болсын сауының.
Теңдесі жоқ ауылым,
Есімде ақ жауының.
Тас құдықтан су алып,
Шай қоятын апамыз.
Колхоз малын жүдетпей,
Қой бағатын атамыз.
Егін егіп, мал баққан,
Еңбегімен мал тапқан.
Мейірімді, қонақжай,
Ерте тұрып, кеш жатқан.
Балқытады жаныңды
Жусаны мен жуасы.
Жаңғыртады өн-жырды
Кешкі таза ауасы.
Ұялы мен Байысың,
Шие, жидек, бүлдірген.
Тұрабайдың Бибіші
Ертек айтып күлдірген.
Наркеткенде бұлағың,
Суына қанар құмарым.
Айыртауда тұрағың,
Қасиетті тұмарым.
Жасыл орман, қарағай,
Асыл арман ауылым-ай.
Естен кетпес сол күндер,
Алтыбақан, алтын-ай.

Сырымбет

Тауы бар Сырымбеттей
Киелі жер атанған.
Әні бар “Сырымбеттей”
Бір мирас сері Ақаннан.
Арайлы ақ таңы,
Егінжай – ел маңы.
Қонақжай ауылым,
Сырымбет бауыры.
Ежелден ертегі,
Жүрек сыр шертеді.
Құрбылар сырласып,
Еске алар өткенді.
Сырымбет Шоқандай
Ғалымның ауылы.
Сырымбет Ақаңдай
Серінің ауылы.
Шиелі ну бағы,
Зәмзәмдай бұлағы.
Сәулелі туған ай –
Сұлудың ажары.
Ауылым аңсаған,
Ынтықпын бір саған.
Балаң жүр сағышып,
Көрем деп мен қашан.
Аяулы мектебім,
Есімнен кетпедің.
Қарсы алдық өзіңде
Махаббат көктемін.
Қарағай, ақ қайың
Сыбдырлап сыр шерткен.
Жұлдызды аспаның
Жаныма нұр сепкен.
Келші деп шақырған,
Қырда бар жуасы.

Жусаны аңқыған,
Шипа ғой ауасы.
Шиелі ну бағы,
Зәмзәмдай бұлағы.
Өзіңмен кездескен
Қайда сол гүл бағы?
Ақ ниет армандай,
Төбеде туган ай.
Асығып келемін,
Күтер деп қалқатай.

Кеңащы

Кеңащы – нағашымыз Ақан елі,
Сайрандап сауық құрған Ақан сері.
Айрылып Құлагерден боздағанда,
Үн қосқан серісіне асқар белі.
Кеңащы – туып-өскен жездем елі,
Бүкіл ел жақсы көрген жездем еді.
Апамыз аты Мөрмөр – ел анасы,
Сауатын сары бие жаздың күні.
Дастарқан ертелі-кеш жиналмайтын,
Келсе де қанша қонақ қиналмайтын.
Талай жан рақаттанып сусындайтын,
Сонда да дастарқаны ортаймайтын.
Көп қатер қазақ жерін жалмап жатты,
Тың төсі өксуменен ішін тартты.
Қыртысы қара жердің қақ айрылып,
Осылай кең даламды қансыратты.
Көп халық басқа жақтан қоныс ауды,
Жол салды, өз тілінде мектеп салды.
Дінінен айырылған момын қазақ,
Тілінен де айырылу халде қалды.
Өндіріп жер астынан улы уран,
Айыртаудың бойына жол сап жатты.
Мәскеуден әдейі кеп “ұлы” халық,
Саумалкөл жиегіне қала орнатты.
Сол қала қазағыма бақ бермеді,
Сор болып Кеңащыға уын шашты.
Өлі суга айналып қайран Қоскөл,
Ұшқан құс, жүгірген аң бәрі қашты.
Қалды жұрты Кеңащы болмай пана,
Көл де жоқ, ауыл да жоқ, зират қана.
Құс та жоқ айдың колде қонақтаған,
Тұман басып күрсінді мидай дала.
Бүгінде Кеңащыға Көкше бастап,
Жауқазындай тамаша үйлер салды.

Бұрынғы атамекен жұртын тастап,
Кеткендер жаңа жерге қайта оралды.
Көктемгі ауыл көркі таныс маған,
Кеш болса қозы-лағы маңыраған.
Қонақжай ауыл салты баяғыдай,
Киелі дастарқаны жиылмаған.
Кеңашы – Ақан атам жүрген жері,
Бүгінде өсті мынау туған елі.
Орнатты дүлдүліне мәңгі ескерткіш,
Өзімен бірге аталып Құлагері.

Сұлу Көкше

Сексен көлді Көкше аталған аймағым,
Ежелден-ақ ертегіге айналдың.
Жырлап өтті нелер ақын өзінді,
Сұлу Көкше, атыңнан мен де айналдым.
Абылай хан жайлаған атамекен,
Бетін жуған суымен сұлу Сәкен.
Бурабайдың көліне аққу қонып,
Сауық құрған сері Ақан нөкерімен.
Сүйем сені, көгілдір сұлу Көкшем,
Аңсағаным сен ғана қайда жүрсем.
Қасиетті, киелі топырағың,
Қате болмас жерұйық осы десем.
Хан алаңы – гүл алаңы жайнаған,
Мұнар басқан көгілдір тау айналам.
Күлімдеген жанарындай сұлудың,
Көз тартады күміс көл анадайдан.
Суың күміс, ауаң жұпар аңқыған,
Саған деген құмарым бар шалқыған.
Таңғы самал, дертке шипа ауаңнан
Тұла бойым қорғасындай балқыған.

Саумалкөлдi сағындым

Айлы түнде жымың қаққан,
Жұлдыздардан алқа таққан,
Аққу-қаздар еркелеген
Айдыныңды сағындым.
Таң Шолпаннан сырға таққан,
Сыр сандықтың сырын ашқан,
Ақ қайыңдар мұңын шаққан,
Таң самалын сағындым.
Жан дүниең балқып жатқан,
Шалқып-толқып маңғаз жатқан,
Асау толқын маржан шашқан
Қүдіретіңе бағындым.
Пейілі кең даладай,
Сұлулығы танадай
Саумалкөлдi сағындым.
Құшағыңды аш, мауқымды бас,
Аймалашы анашымдай.
Тебіренбей от жүрек қаласың ба-ай,
Саумалкөлдi сағындым.

Анашым

Анашым Өнназига Асқарқызына

Біздер жеңдік – аямыз ақтай солды,
Мамық төсек қайғыдан тақтай болды.
Майдансыз біз шайнаған бір түйір нан
Кеудемізге қадалған оқтай болды!

Мұқағали Мақатаев

Анашым қалды жесір боп,
Жиырма екі жасында.
Күтті жарын келер деп,
Үміт оты басылмай.
Күн шыға кетіп қырманға,
Ақ сиыр жектің соқаға.
Өжеммен үйде мен қалып,
Күтуші едім сағынып.
Ақ сиырды жетектеп,
Күн бата үйге қайтатын.
Алдынан шықсам жүгіріп,
Мөз болып анам қалатын.
Қиындықта күш берген,
Ақ жаулықты ананың
Жеңеміз жауды деп сенген
Құдіретті үміті.
Сақтаған бізді аштықтан,
Айран болып, құрт болып,
Ақ сиырдың ақ сүті.
Қамыт ұрып күн ұзақ,
Мойнына ағаш бататын.
Екі көзден жас парлап,
Ақ сиыр шаршап жататын.
Сол сиырды шаршаған,
Таңертең де, кешке де,
Алла өзің кешір деп,

Сауатын әжем, сауатын.
Майын жинап тырнақтап,
Ақсақ Иван келгенде,
Безбенмен өлшеп қадақтап,
Айтар сөзін салмақтап,
Ұлыма да тиер деп,
Әжем майды майданға
Жөнелтіп солай жататын.
Елдегі жесір аналар,
Жер айдайтын күз бойы,
Шөп шабатын жаз бойы,
Отырмайтын үйде тек.
Ұзақ кештер қыстағы
Тоқитын шұлық, қолғаптар,
Жауынгерлер тоңбасын,
Жауға намыс бермесін,
Деген оймен аналар,
Әжетке жарар балалар,
Қариялар, әжелер
Жұмылып еңбек ететін.
Анашым қалды жесір боп,
Жиырма екі жасында.
Көп күтті жарын келер деп,
Үміт үзбей расында.
Отыз екі жасында
Тұрмыс құрды қайтадан.
Өмір заңы, не шара,
Соғыстан елге қайтпаған,
Он жылдай күтті асылын.
Жасауын беріп сәнімен,
Батасын беріп жолымен,
Қадірлеп әжем келінін
Қызындай сыйлап ұзатты.
Қоштасарда қия алмай,
Мұңдарын айтып көрісіп,
Жиналған жұртты жылатты.

“Оң жақтағы қызымдай,
Өзімнен туган ұлымдай
Болды маған келінім” –
Еске алатын осылай,
Елге болған қадірлі
Рәзия атты әжеміз
Сүйкімді туган келінін.
Кезі жоқ ардан аттаған,
Абыройын дәйім сақтаған.
Көрінеді анам қашанда
Періштедей пәк маған.
Риза саған ауылың,
Риза саған бауырың.
Ризамын мен – балаң да,
Риза мына далаң да.
Еске алам сені ай туса,
Көктемде жайнап гүл шықса.
Еске алам басқа іс түссе,
Еске алам қырға қыс түссе.
Басыңа соқпай кетпеймін
Сырымбетке жол түссе.

Еске алу

Әбділманов Ағзам, қатардағы жауынгер,
1915 ж. Шолақөзек ауылында туған, қазақ.
Әскер қатарына 1941 жылы Айыртауда
алынып, 1942 жылы қыркүйекте майданда
қаза тапты.

(“Боздақтар” кітабынан.

1-том, 84-бет)

Соғыс өрті шарпыды бағымызды,
Тұман басты балалық шағымызды,
Ел басына күн туып, әкем кетті,
Зар жылатып, қайғыртып бәрімізді.
Әкелеп жанына еріп жүргенім жоқ,
Армансыз бақытты боп күлгенім жоқ.
Әкесін көріп өскен балалардың,
Шыным сол, өлсе-дағы арманы жоқ.
Жан әке, сағыныпсың жалғызыңды,
Жаудырап артта қалған жұлдызыңды.
Бір көру туған жерді арман болып,
Ел жақтан жазбады ғой дәм-тұзыңды.
Оралып елге аман қайта алмадың,
Көрмедің бейбітшілік орнағанын,
Желбіреп төбемізде Жеңіс туы,
Қырманда қызу еңбек қайнағанын.
Қуанып жас аналар жарын құшып,
Жер жүзі жеңіс тойын тойлағанын.
Даламыз қызыл, жасыл гүлге оранып,
Бақшада бұлбұл құстар сайрағанын.
Армандай өте бардың бұл дүниеден,
Көз жұмдың жауға кеудең тостың-дағы.
Қалмадың ескерусіз, мен қуандым,
“Боздақтар” кітабынан таптым-дағы.
Еңсең биік, әкежан, асқарымсың,
Аңсап күткен шешемнің жан жарысың.

Келеді деп ұлы өжем сағынатын,
Бір үзбеген күдерін арманысың.
Еңіреген елімнің боздағысың,
Қасық қаны қалғанша ел қорғаған,
Жауынгері халқымның, батырысың.
Асыл өке, топырағың торқа болсын,
Маған демеу аруағың, қорғанымсың.
Мен, өке, өміріңнің жалғасымын,
Мөңгілік жүрегімде сақталғансың.
Қадірлеп ұрпақтарың еске алады,
Адал ұлы халқымның, ардағысың.

* * *

Өкесіз өстік жалғанда,
Бір көруді арман гып.
Отқа өртеніп сәби шақ,
Талай бала зарланды.
Сәби едім, сезбедім,
Кетіпсіз Отан қорғауға.
Өке деген бір сөзге
Құмар боп өстік, сөз бар ма.
Жетімдерге сен пана,
О тағала, бір алла!
Мұңы жоқ сірә жан бар ма?
Қара жер төсек болды ма?
Көз жұмарда қасыңда
Елден адам болды ма?

Жан ана

Балалық – алыс қалған шағым менің,
Ақ арман, ақ тілекке толып едің.
Білім алып Алматыдай астанада,
Дәм жазып Сырымбетке келін болдым,
Ата-ананың ізгілік жолын көрдім.
Аяулы Қазез анам арқасында,
Шаруа қиындығын сезінбедім.
Анамыз елден асқан ақылды екен,
Алысты, бар туысты жақын еткен,
Асырап екі атаның ұл-қыздарын,
Кеш жатып, ерте тұрып ерінбеген.
Он жеті өмір бір сізден таралыпты,
Ананың ақ сүтінен нәр алыпты.
Ұлдары елі сыйлар ақылды боп,
Қыздары күн нұрынан жаралыпты.
Бар гүлді жер жүзінен жияр едім,
Жан ана, өзіңізге сыйлар едім,
Қолымда билік болса, апатайым,
Алтыннан мүсініңді құяр едім.

Саумалкөл

Саумалкөл – Айыртауда елдің аты,
Айнадай жарқыраған көлдің аты.
Ежелден аты шыққан шартарапқа
Ақылды ой, парасатты азаматы.
Саумалкөл, суың дәру, қасиетті,
Халқың бар адал жүрек, ақ ниетті.
Бірі едің сексен көлдің ақ моншақтай,
Жеңдің бе бойыңдағы қасіретті?!
Суыңа ылай қосқан заманым-ай,
Болды екен неден сенің обалың-ай.
Қала сап етегіңе сәндеткенмен,
Өзіңе тигізіпті залалын-ай.
Сырлы аяқ сыры кетсе, сыны кетпес,
Саумалкөл, асылымсың баға жетпес.
Ақерке Айыртаудың төсіндегі,
Сағындым тұнығыңды саумал тектес.

Қайран елім

Семейді торлады гой атом бұлты,
Атом бұлты торлады ақын жұртын.
Тартуы ма тойына бұл Абайдың,
Аналар тыя алмады жасын бір күн.
Қайран асыл, қасиетті Семейім,
Міне, қайта отқа толды көмейің.
Тау мен тасты күлпәрша қып бомбалар
Уатып жатса, мен жыламай не етейін?!
Қаншама алдап жұбатса да сөзбенен,
Бұл қорлыққа батыр халқым төзбеген.
Көтер басты, елдің батыл ұлдары!
Көтерілші, ұлға балар қыздары!
Деп дабылдап шыққанында өр ақын,
Басылғандай болды сынақ ызғары.

2 маусым 1995 ж.

Рузай

Қырықтың қырқасына сенде шықтым, .
Талай жыл еңбек етіп, терім төктім.
Дос таптым, құрдас таптым, сырлас таптым,
Балапандар ұшырып, отау тіктім.
Ақ басты қариялар, аналар бар,
Жақсыны жат көрмейтін салтың да бар.
Рузай – елім менің, елім менің,
Ежелден еңбек сүйгіш халқың да бар.
Жоқ дейді бұл жалғанда дәмнен үлкен,
Адамды тартады екен атамекен.
Келіп жүрем, қимаймын Рузайды,
Құрбыларды көремін аман-есен.

20 мамыр 1995 ж.

Абай

Абай кім?

Кешегі кең далада көшіп жүрген,
Көрі кеткен заманда өмір сүрген
Қизақтың қара көз баласы,
Бүгінде бар әлемнің данасы.

Қазақ кім?

Ол – ұлы халық, Абай – оның баласы!
Қизақты не демеді, тағы деді,
Көбі надан, сауатсыз елі деді.
Бүгінде Абайды оқып бүкіл әлем,
Қизақтың перзентіне бас иеді.
Ұлы Абай, ақын Абай, асыл Абай,
Мыңмен жалғыз алыстың, батыл Абай.
Дана Абай, адамзаттан асыл туған,
Ор сөзі інжу-маржан, алтындаған.
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек –
Абайдың бойындағы қасиеті.
“Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек” –
Ұрпағына қалдырған өсиеті.
Имандай көкірегімде жатталады,
Мирас қып жазып кеткен қара сөзі.
Адал ұлы халқымның, данышпаны,
Асқар таудай биіксің құдіретті.

Кенжеш-Айжан

Құтты болсын мерейтой, Кенжеш-Айжан.
Жүз жасаңдар нұр алып күн мен айдан.
Қуанып аға-жеңгең келіп қалды,
Арқада аты шыққан Айыртаудан.
Сырымбет сыр сандығын ақтарғандай,
Саумалкөл осы тойға шаттанғандай.
Мың сәлем Айыртаудан жолдап қалды,
Көкшеден Алматыға аттанғанда-ай.
Алатау ақ көрпесін жаңартқандай,
Алматы әсем назды көз тартқандай.
“Анкара” ашты есігін бізді күтіп,
Сәнімен бар әлемді таңғалтқандай.
Сырымбет саласында туып-өстің,
Жасыңнан өнер-білім қуып өстің.
Жемісі еңбегіңнің сол емес пе,
Келесің алдында сен ұлы көштің.
Өзіңді өміріме тірек етем,
Жасаған ғұмыр бер деп тілек етем.
Ел жақты есінде ұста, Кенжеболат,
Сағынып жүред сені аға-жеңгең.
Жақсы ой келіп отыр көңіліме,
Қоса ағар қосағыңмен деп айтамын
Қадірлі Айжан атты келініме.
Тойларың тойға ұлассын, бауырларым,
Құдандал, құрбы-құрдас қауымдарым.
Мерейің үстем болсын, Кенжеболат,
Мен бүгін Лұхпандайын бір жасадым.

Ақ тілек

Көртайға

Кенжесі атамыздың Көртай мырза,
Келіннің аты ғажап – Гүлжазира.
Марат, Ерлан – олардың қос құлыны,
Ұлдарың тату өсті, көңіл риза.
Тұрағы Қарағанды қара алтынды,
Алқасы келінжанның сары алтын-ды.
Тұлпардай жүзден озған алда жүрер
Қадірлі Көртай менен Гүлжазира.
Жасыңнан құштар болдың сен білімге,
Жетеледі сендерді талап оты.
Еңбегіңнің жемісі сол емес пе,
Екеуің де ғылымның кандидаты.
Маратыңды оқыттың, үйлендірдің,
Құтты болсын айтамын мен сіздерге.
Жас келін келген жері құтты болсын,
Мейірімді болсын ол сіз бен бізге.
Көртай, сен енді, міне, ата болдың,
Өмірдің қызығына көңілің толсын.
Ақ тілек тілеп отыр аға-жеңгең,
Құтты болсын тойларың, келіндерің!

Өмір гүлі

Фатимаға

Өжелер бүгін көңілді,
Қарсы алып жаңа өмірді.
Немерелер көбейсін,
Жібітетін ерінді.
Құтты болсын қалжа той,
Шілдехана қызық қой.
Жұпар иіс нәресте,
Қыз туғаны ырыс қой.
Той тойлаған сән екен,
Тойдың сәні ән екен.
Өмір гүлі – Кәмилаң,
Бала тілі – бал екен.
Оттай ыстық немере,
Қиындықты елеме.
Иіскемесең бөпеңді,
Көңіл күйі келе ме?
Алғашқы рет күлгені,
Тәй-тәй басып жүргені.
Тұсау кесер тойы бар,
Өжесінің ермегі.
Өжелер бүгін көңілді,
Өлең болып өрілді.
Немерелер көбейсін,
Нұрлы ететін өмірді.

Дәрігер қыз

Гүлбахрамға

Бізде дәрігер бір қыз бар,
Қыз емес-ау, жұлдыз дәл.
Ол жоқ жерде жүрегім
Бірде жалын, бірде ызғар.

(Өн жолдарынан)

Өсем өн бір өзіңе арналғандай,
Көрген жан өнеріңе таң қалғандай.
Көркіңе ақылың сай Гүлбахрам,
Нүр жүзің өсем сенің таң Шолпандай.
Дүниеге сен келгенде өнмен, жырмен,
Қарсы алып ек бәріміз ақ ниетпен,
Дәрігердің жақсы көрген қойып атын,
Оқсың ырым еткен жақсы үмітпен.
Жақсы ырым деп күлімдеп әжеміз де
Атандай бол деп сәбиге бата берген.
Орындалып әжеңнің сол арманы,
Дәрігерсің Гүлбахрам халқың сүйген.
Ең қымбат дүниеде өмір екен,
Оны қорғау ең қиын өнер екен.
Дәрігерсің адам жанын аялаған,
Еңбегін өз халқынан аямаған.
Шипа ғой ауру жанға ақ ниетің,
Адалдық бойыңдағы қасиетің,
Адал ұста Гиппократ өсиетін.
Бақытты бол, Гүлбахрам, бақытты бол!

Көкшеде нелер дүлдүл бар

Шалқыған шалқар көлім бар,
Көгілдір Көкше белим бар.
Оқжетпестей шыңым бар,
Қыз мүсінді өрімтал
Жұмбақтасым тағы бар.
Оқжетпестей ерекше
Қажекендей аға бар,
Аға емес-ау, дана бар.
Отан қорғап, жау жеңген,
Елге оралып ән өрген,
Дара тұлға Көкшедей
Көкен атты ақын бар.
Көкшеде нелер дүлдүл бар,
Көкшеде нелер жұлдыз бар.
Терін төгіп қаншама,
Егін егіп, дән жиган
Тұрлыбектей батыр бар.
Алтын жұлдыз алқасы
Баян, Ұлтай ағалар,
Еңбегін елі бағалар.
Көкшеде нелер асыл бар,
Көкшеде нелер бұлбұл бар.
Парасатты Өйгерім жұлдегері
Гүлжан атты әнші бар.
Астанада жезтаңдай
Құлышқызы Қапаш бар,
Көкшеде нелер емші бар,
Көкшеде нелер жыршы бар.
Бота жезде, Зина апай –
Ұлагатты ұстаздар.
Ыбырай, Ақан әндерін
Мұра арқылы дәріптер
Жұмабайдай жыршы бар.
Көкімбек, Сарбас ағалар,

Төлеген және Табылды –
Көкшелік дарын ақындар.
Артық туған анадан,
Елге сыйлы асылдар.
Сарқылмасын өлең-жыр,
Жыр бұлагын ашайық,
Өлеңмен өрнек жасайық.
Көкше өңірі асылдар,
Жырмен шашу шашайық.

АСЫЛЫМ

Қанатбекке

Судай сұлу өмірдегі ең асылым,
Қазынам, бар байлығым, махаббатым.
Махаббаттан жаралған саңлақтарым –
Өнуар, Алтай, Қайрат, Талғаттарым.
Темірлан, Нұрбол, Қанат немерелер,
Еншалла, көрдік өмір жалғасқанын.
Динара, Әлия мен Елмиралар –
Шолпыдай сыңғырлаған жыр-дастаным.
Шақырсаң, есім кетіп қуанамын,
Жаным-ау, даусыңды естіп уанамын.
Жанымда сен отырсаң, Қанатбегім,
Антейдей Жер-анадан күш аламын.
Бәрі алданыш өмірде, бәрі жалған,
Біз – екеуміз, сол үшін қуанамын.
Жасына пайғамбардың аяқ бастың,
Жүрекке имандылық нұры орнасын.
Ырыздық әрқашанда суалмасын,
Өмірдің ащы-тұщы өткелі көп,
Аман бол одан-бұдан, жан жолдасым.
Бір күндік шаршағаның басылмай ма,
Иіскесең немереңнің тұлымынан.
Аруақ қорғап жүрсін әрқашанда,
Тағдырдың ажал атты құрығынан.
Өзіңді шын жүректен сүйе білдім,
Қайғыңа от-жалын боп күйе білдім.
Өмірдің орта жолын өткен шақта,
Келеді жаныңа еріп жүре бергім.
Қалайша саған бұрын өн жазбадым,
Ақтардым, міне, бүгін жыр дастанын.
Жасай бер, ұрпағыңның қамын ойлап,
Осы менің бар тілек, бар арманым.

Бауырға тілек

Өмірбекке

Ақынның айтып кеткен сөзі дана,
Өмірдің сәні – бала, гүлі – бала.
Көзіңнің жанарындай шамшырағың,
Адамның кеудедегі жаны бала.
Өмірбек, Гүлсім менің бауырларым,
Аман ба құрбы-құрдас, бауырларың.
Ицқолап дүниеге сәби келді,
Қайырлы, құтты болсын тумаларың.
Норесте жаңа туған құтты болсын,
Сәуіінің көктемдегі сүтті болсын.
Наурыздың шапағатын ала келген,
Асқарың батыр болсын, мықты болсын.
Ыақ-дәулет, сарқылмайтын байлық берсін,
Ағайын-туғандарға бірлік берсін.
Замира-Арман отбасы аман болып,
Дәурен, Асқар ер жетіп, жігіт болсын.

Аманым

Бес жыл оқып Мәскеуде сайрандадың,
Талабыңа сүйсініп, қайран қалдым.
Орындалып ақ арманы анашыңның,
Ел ұстадың, Аманым, ел басқардың.
Нұр жауар деген сөз бар талапты ерге,
Орындалсын бар тілек, армандарың.
Ел ағасы болып отыр бұл күнде
Қапез, Қадес, Төлеген ағаларың.
Қездескенде өзіңмен, Амангелді,
Өкең менен шешенді есіме алам.
Неткен абзал жандар еді, өтіп кетті-ау,
Өкемдей болған еді жездем маған!

Елу бес

Қадеске

Биласы Өбекеңнің Қадес мырза,
Көліпсің елу беске, көңіл риза.
Елу бес – толықсыған ердің жасы,
Айтамын құтты болсын тойыңызға!
Жолдасың өзіңе сай Елен қалқам,
Оған да Рузайдан сәлем айтам.
Қоса ағар қосағыңмен, Қадес бауырым,
Тойыңа өлең жолдап, тілек айтам.
Тимаша Айыртаудың жазы қандай,
Қоңыржай Саумалкөлдің желі қандай.
Қол ұшын ағайынға бере аласың,
Жомартсың жездем менен ағажандай.
Бүгінде бөйтерексің тамырын жайған,
Өмірдің желі соқса, майыспаған.
Өзіңді жездеме мен ұқсатамын,
Мінезің бала кезден таныс маған.
Билалар, немерелер аман болсын,
Ата деп қадірлесін, ардақтасын.
Бақытың күннен күнге үстем болып,
Өмірдің қызығына көңілің толсын.

Орынбай ақын ұрпағы

Жұмабайға

Жұмабай Есекеев – ердің ері,
Арайлы Егіндіағаш туған жері.
Қолында күмбірлеген домбырасы,
Той-думан, ән менен жыр жүрген жері.
Сырымбет – аялаған алтын бесік,
Ғылымға, өнерге де ашқан есік.
Шабыты шабысындай Құлагердің,
Күй тартсаң кетесің-ау желдей есіп.
Тарайды ақын-жырау Орынбайдан,
Әнші-ақын Ақан сері, Ыбырайдан.
Кешкілік Көкшетаудан ән салғанда,
Естілер асқақ дауысы анадайдан.
Бір елдің өнер қуған түлегіміз,
Соғады бірге содан жүрегіміз.
Мәрәш пен Жұмабайдың отбасына
Шынайы бақыт берсін – тілегіміз.

Айқын аға

Айқын Нұрқатовтың рухына

Айқын – дана, Айқын – дара,
Аққан жұлдыз Айқын аға
Одебиет көгінде.
Айқын – дана, Айқын – дара,
Биік тұлға Айқын аға
Қазағымның төрінде.
Абай, Мұхтар, Айқындары –
Шоқ жұлдызы аспандағы
Егеменді елімде.
Мына көлде Айқын аға
Суда малтып жарысқан.
Көл маңында бала Айқын
Асық ойнап, алысқан.
Сонау дөңде тай үйретіп,
Құрдасымен жарысқан.
Мына жолмен Айқын аға
Мектеп жаққа асыққан.
Қыр жиекте Айқын аға
Құрбысымен сырласып,
Алаулаған арманымен табысқан.
Туған ауылы Шұқыркөлді
Шалғай жүрсе сағынып,
Ата-анасын бір көруге асыққан.
Арыстаны, Айдары бар артында,
Ел-жұрты бар қадір тұтқан перзентін.
Өзі оқыған мектебіне
Атын берген Айқынның.
Ауылы бар ардақ тұтып асылын,
Өзі туған көшесіне
Атын берген Айқынның.
Жарты ғасыр, ұлан асыр
Мерейтойын елу жылдық

Мектебіңіз тойлап жатыр.
Жарты ғасыр, ұлан-асыр,
Ұлы тойын елу жылдық
Ұрпағыңыз тойлап жатыр.
Келе жатыр бір жас бала
Көшесімен Айқынның.
Аққұбаша, ақ маңдайлы,
Суретіндей ағаның.
Ойлап қалдым сол бір сәтте,
Мүмкін осы бір жас бала
Өзі ме деп Айқынның,
Мүмкін осы бір жас бала
Болашағы халқымның.

Ұлағатты мектебiм

Айқын Нұрқатов атындағы Шұқыркөл
орта мектебiнiң мұғалiмдер ұжымына,
әрiптестерiме арнаймын.

Елу жылдық мерейтойың,
Елу жылдық асыл тойың,
Ұлы тойың құтты болсын,
Ұлағатты мектебiм!
Талай жандар сусындаған,
Бiлiм алып жасында.
Қасиеттi Шұқыркөлдiң мектебi,
Елу жылда елу рет көктедiң.
Қарсы алдың сонша рет,
Жастық шақтың көктемiн.
Елу рет гүл жамылып,
Нұрын төктiң көктемнiң.
Ұстаз болу – ол бақыт қой,
Ұстаз болу – ол шаттық қой.
Ұстаз – адам жанының ұстасы,
Ұстаз – кемеңгер көш басы.
Мектепте бар отты көрiк,
Жүрегiне баланың нәр беретiн.
Ол – ұстаз бала жанын сезетiн.
Бала – өмiрдiң гүлi болса,
Мектеп бейне гүл бағы.
Шөкiртi оның ақын болса,
Мектеп бейне жыр бағы.
Бiлiм берер жас ұрпаққа,
Мектеп – елдiң шырағы.
Ұстаздардың жүрегi де
Шөкiртiм деп соғады.
Арманына арман жалғап,
Өмiрiне өмiр жалғап,
Үшсә түлек қыран болып,

Ұстаз бағы жанады.
Еңбегімнің жемісі деп,
Ол бір жасап қалады.
Ұлы тойың құтты болсын,
Ұлағатты мектебім!
Талай ұрпақ білім алып,
Арманына жеткен-ді.
Асулардан талмай өтіп,
Еліне еңбек еткен-ді.
Еңбегіңнің жемісін жеп,
Еліміздің қамын ойлап ертеңгі,
Көркейе түс, жасара бер,
Ұлағатты мектебім!

Шашу етем жыр гүлін

Ақерке, Разия атты аналарым,
Күлизат, Каукар атты даналарым
Желге-күнге тигізбей аялады,
Соғыста жетім қалған балаларын.
Қадиша, Әлиядай аналарым,
Істерін батырлық деп бағаладым.
Өмірде ақжаулықтың орны бөлек,
Ұрпағы еске алады паналарын.
Бой жазып болашаққа өсер елім,
Екі ауыл боп жарасқан көшелерім.
Шөп шауып жайлауында, егін орган
Назига, Күлназия шешелерім.
Көп менің қуанышым, табылғаным,
Ақ ниет пиғылыңа табынғанмын.
Түсімде, өңімде де, ауылым, сен,
Бір өзің шалғай жүрсем сағынғаным.
Елу жылда жаңарған елім қандай,
Ұялы, Байыс атты жерім қандай.
Сыйластығы Қозы мен Баяндайын,
Құрмаш аға, Мариям жеңгем қандай.
Қызығын немеренің көрген жақсы,
Төркіндеп ауылыңа келген жақсы.
Ата көрші атанған аға-жеңгем,
Тойында қызық думан құрған жақсы.
Мариям жеңгей болғанда, Құрмаш аға,
Елі сүйіп, қадірлеп, берген баға.
Жарты ғасыр жұп жазбай жүрсе-дағы,
Қосылғандай екеуі жаңа гана.
Гауһар тойға есен барсын аға, жеңгем,
Аман боп ағайындар тойға келген.
„Жақсы сөз – жарым ырыс” деген сөз бар,
Жастығын еске алсыншы аға, жеңгем.
Көрген бар, көрмеген бар алтын тойды,
Ақынға қиын емес айтуға ойды.
Алтын тойға жыр гүлін шашу етіп,
Мен тердім сөз маржанын, асыл ойды.

Тәуелсіздік алаңы

Қош келдің, жаңа ғасыр, жаңа заман,
Болсыншы, алла жазып, елім аман.
Айыртау атырабы жайнап кетті,
Ашылып жаңа мектеп, жаңа алаң.
Егеменді ел болдық, он жыл өтті,
Даңқы оның бар әлемге самғап кетті.
Жаңа алаң Айыртауда ашылғаны
Тәуелсіздік байрағын ажарлы етті.
Мың рахмет Армиядай інімізге,
Сыйлаған игі істерді бәрімізге.
Еске алып Айыртаудың арыстарын,
Салтанатпен әр қосқан сәнімізге.
Гүлденсін егеменді Қазақстан,
Сомдаған іргетасын миллиардтан.
Майталман Айыртаудың саңлақтары
Лайықты орын алсын тарихтан.

Талғатым

Қанатбек – әкең аты, атың – Талғат,
Өзінде жарасымды сыр мен сымбат.
Кенжесі ұлдарымның болғаннан соң,
Талғатым, бөрімізге сенсің қымбат.
Атыңды Талғат деген өзім қойдым,
Ол аты Талғат сынды батыр ұлдың.
Әдейі батыр аға атын қойдым,
Ол – ұшқыш, қыран құсы қазағымның.
Жетпіс бір, доңыз жылы, майда тудың,
Әкеңнің инженерлік жолын кудың.
Аумайтұғын атаңнан бар мінезің,
Адалдық пен тазалық – сенің туың.
Онуар, Алтай, Қайрат ағаларың,
Асыл тас, алтын болсын бағаларың.
Гүлмира қарындасың, қарлығашың,
Жаныңда сүйген жарың бар Айнашың.
Еліктің жаңа туған баласындай,
Көзіңнің ағы менен қарасындай,
Қанатың ерке, тентек, ұрыншағың,
Өзіңе ұқсап туған құлыншағың.
Қырмызы қырда өскен әсем гүлдер,
Гүлнара, Любажан, Алмагүлдер.
Ардақты судан сұлу жеңгелерің,
Солкебай, таза күміс теңгелерің.
Атимекен елің бар Сулыкөлдей,
Туың бар қасиетті Сырымбеттей.
Кәкшенің бел баласы сен боласың,
Тартып өссең атаңа Балахметтей.

Арнау

Жерлесіміз Күлишат Мәргелқызы Сырымбетті 30 жылдай өзі құрған “Ажар” ансамблінің басқарды. 1982 жылы ансамбльге халық ансамблі атағы берілді. Москвада, Алматыда, Польшада өнер көрсетіп, жүлделі орындарға ие болды. I және II одақтық фестивальдардың лауреаты атанып, бірнеше медальдармен наградталды. 1991 жылы Күлишат Мәргелқызына өнер саласына сіңірген еңбегі үшін “Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері” атағы берілді.

Замандасым Мәргелқызы Күлишат,
Асыл туған анадан сен перизат.
Сырымбеттің сен бір абзал түлегі,
Шынайы алтын, таласым жоқ, асыл зат.
Ән ордасы, жыр ордасы – бұл өлкем,
Сахнаға көрік берген билерің,
Биші қызы сен елімнің, жан еркем,
Сен – қазақтың сұлу қызы өнерлі,
Ұстазсың сен еліне көп берері.
Өздерінде көрермендер назары,
Би шолпаны – Күлишаттың “Ажары”,
Таң шолпандай биші қыздар ажарлы.
Сұлу қыздар сырымбеттік бишілер –
Сән беретін сахнаға гүлсіңдер.
Сырымбеттің ансамблі – халықтық,
Сән мәртебе жүлде алып жүрсіңдер.
Сол кезде сен елде сүйеу таппадың,
Кейбір бастық қатты жапты қақпағын.
Шынайы алтын, мыс емес қараятын,
Жасымадың сен бірақ, Күлишатым.
Жас балапан – бүлдіршін өнер сүйген,
Жанында жалынды ұстаз жаны сүйген.

Жылтықшаның үйретуден баланы,
Жауынгердей шүберекке жанын түйген.
Үстазсың өнер кілтін қолға ұстаған,
Үстазсың Шара апандай дара туған.
Шара биі сахнаға жан бергендей,
Көрген жан естен кетпес ләззет алған.
Қалағымның ұлға балар қыздары,
Астың домін келтіретін тұздары.
Мөңшүк, Олия, Камшат және Күлишат –
Қардың гүлі, күннің нұры, асыл зат.
Сырымбетті жырлап өтті сері Ақан,
Сырымбетте туған ғалым ұлы Шоқан.
“Ажар” атты ансамблің – лауреат,
Сырымбетті талай елге танытқан.
Өнер құмар барша қауым елдегі,
Өнеріне көрген сайын сүйсінген.
Шыбыт алдық талай рет әсерлі
Күлдеретті Тәттімбеттің күйінен.
“Тынықылдақты” билеп жүрген кім десем,
Күлишаттың Ләззет атты қызы екен.
Қандай әсем Сырымбетім көктемде,
Шу қарағай, бауыры гүл ғажап кесте.
Гүл жайнаған құлпырып он екі қыз
Би билейді, гүл теріп тау жиекте.
Күн алады ол арулар өзіңнен,
Тау да, жел де сырласады өзіңмен.
Нәзік сезім жүрегімді биледі,
Көрген шақта осы биді көзіммен.
Айтп берсем Күлишаттың сыры көп,
Менің-дағы жазылмаған жырым көп.
Шетелдерде, Одақта да жұлде алған,
Құрметтейік Күлишатты сырымбеттік жұлдыз деп.

Өжелер өні

Өлеңін жазған Пақыт Абділманова
Музыкасын жазған Иран Ильяшев

Құрбыларым өткенді айтып сырласып,
Өсем сазым қалықтайды қырды асып.
Ақ батасы өжелердің ақ тілек,
Бара жатыр аққу үнге ұлсып,
Бара жатыр аққу үнге ұлсып.

Қ а й ы р м а с ы:

Сырымбетім - өмір дастан, дүрөң-ай,
Сағындырған соукелелі сәулем-ай.
Ансамблі өжелердің он салса,
Толықсыған аспандағы туған ай,
Толықсыған аспандағы туған ай.

Тұскиізді өсемдетіп басқандай,
Ақ күмістен теңге шашу шашқандай.
Сырымбеттен шырқағанда өжелер,
Жымындайды жұлдыздарым аспанда-ай,
Жымындайды жұлдыздарым аспанда-ай.

Қ а й ы р м а с ы.

Шәйі көйлек кестелеген сөнімен,
Ақ кимешек ағарған тең таңымон.
Ақ қайыңдар жасыл қамзол жамылған,
Билегендей өжелердің өнімен,
Билегендей өжелердің өнімен.

Қ а й ы р м а с ы.

Кәмәш

Қосағың – құдай қосқан Ағыбайың,
Данажан – жаңа туған күн мен айың.
Ұлдарың, қос құлының Нұрлан, Дастан,
Еңбекке құмар олар бала жастан.
Қарағым Кәмәш, жабықпа, көңіліңді аш!
Сендей көрші табылмас, болған сырлас.
Кәмәш-ау, қою қара шөйің қандай,
Қоңыржай кештің самал желі қандай.
Татулық, сыйласумен күн өткіздік,
Ынтымақ жақсы екен шекер, балдай.
Рузай артта қалды қыр асатын,
Жанымда Кәмәшім жоқ сырласатын.
Өрістен ауыл малы оралғанда,
Өзеннің ар жағына күн бататын.
Алдыма қоюшы едің қаймағыңды,
Сағындым жаңа ұйыған айраныңды.
Данажан, сен де тыңда, құлағың сал,
Үздік бол, жақсы оқы сабағыңды.

Үлесім бар

Оралмай сұм соғыстан өкем менің,
Жиырмада жесір қалды шешем менің.
Бар азабын өмірдің өзі көріп,
Жүз жасады бірақ та өжем менің.
Кіп-кішкентай қыз едім қос бұрымды,
Табанымнан жетімдіктің өтті сызы.
Туганы жоқ, жалқы өскен жалғыз, деген
Құлағымды өсектің осты ызыңы.
Өрқашан тағдыр маған қатал болды,
Жағама салды аямай қатер қолды.
Қайрады өмір дегендей күресіп қал,
Өмірден сенің де алар үлесің бар.

Болашағы елімнің маған да мұң

Қамын ойлап елінің, қазағының,
Қамықты ғой ұлы Абай азалы мұң.
Қалың елін, қазағын, қайран жұртың
Жөнге салу арман боп қайғырды тым.
“Базарынан өмірдің жылап қайтқан”
Мұқағали өмірі назалы мұң.
Қазағым деп соғады қайран жүрек,
Болашағы елімнің маған да мұң.

Тайлақ жезде

Армысыздар, агалар, бауырларым,
Бармысыздар, құдандал қауымдарым.
Ардағы еліміздің, мақтанышы,
Қадірлі Қажан атты ағажаным.
Тойыңыз құтты болсын, апа-жезде,
Иіліп алдыңызға сөлем берем!
Алпыс деген пайғамбардың жасы екен,
Ойламаңдар ол адамды масыл деп.
Күш-қуаты, қайраты сай бойына,
Құрметтейміз жездемізді асыл деп.
Ақ Тайлақ пен Ақ Сәуленің тойында,
Жақсы ниет, тілек айту ойымда.
Апа, жезде, жарасымды өмірің,
Қол ұстасқан ұзақ жолдың бойыңда.
Қажымастан еліне еңбек еткен,
Талай жылдар ұстаз боп терін төккен.
Алпысқа талмай жету ол мәртебе,
Көп адамдар жете алмай ерте кеткен.
Өке жолын қуатын ұлдары бар,
Ана жолын қуатын қыздары бар.
Қадірлейтін, сыйлайтын, сағынатын,
Құда, жекжат, бауыр, туғаны бар.
Раушан – қырмызы гүліңіз,
Бақытжан – өсем әніңіз,
Айжан – туған айдай сәніңіз,
Асылбек – асыл мұратыңыз,
Асқар – мұрагер көпейіңіз,
Жылдан жылға көбейіңіз.
Тіл-көзден сақта, жасаған,
Осы біздің тілегіміз.
Өмірдің ыстық, суығына күйдіңіз,
Ата болып өмірге қанат жайдыңыз.
Пайғамбардың жасына келіп,
Осы тойға ағайындарды жидыңыз.

Жылдар жылжып өте берер білінбей,
Жас ұлғайса көңіл “шіркін” дегізбей.
Тоқсан жасын тойлайықшы жездемнің,
Түгел келіп, шақырса егер, ерінбей.
Жылдар жылжып өте берер білінбей,
Мотор жүрек соқсын дәйім тоқтамай,
Өлі де одан ұшқындайды от талай.
Еңбегімен елге сыйлы асылдар,
Дем алсыншы жұмыс, жұмыс дегізбей.
Жасай берсін Ақ Тайлақтай ағамыз,
Тон кесеңіз, құндыз болсын жағаңыз.
Асыл аға, асыл жездем Ақ Тайлақ,
Сізге ұқсасын немерелер, балаңыз.
Ағайындар!
Алпысқа жездемдей болып келіңіздер,
Арманға жездемдей болып жетіңіздер.
Арқалап ауыр жүгін ел-жұртының,
Туғанға мейірім төгіп өтіңіздер.

Нұр жаусын талабыңа, Кенжеболат

Қадірлі бауырымыз Кенжеболат,
Өзіңді құрметтейміз пірге балап.
Келіннің аты – Айжан Таймасқызы,
Күншуақтай мінезі, жүзі жылы.
Алматы аты шыққан алмасымен,
Ағады тау өзені арнасымен.
“Анкара” қонақ үйі өзің салған
Көркейткен астананы сәулетімен.
Мен сенің ұстазыңмын, мақтанамын,
Жемісіне еңбегіңнің шаттанамын.
Ренжіме бес қоймаған жеңешеңе,
Өмірдің өзі қойсын деген едім,
Сол ойым орындалды, ақталамын.
Астыңа мінген атың ТУ-самолет,
Жол шектің ұлан асыр, бір керемет.
Петербор, Мәскеу саған ауыл болды,
Лондонда түстік ішіп, Париж қондың.
Келесі Делиге бір барғаныңда,
Жеңгеңе шөй ала кел, жомарт қолдым.
Той өтті, үйлендірдік Талғатымды,
Сол тойдан қойдым сарқыт өзіңе арнап.
Кенжеш-ау, біздің жаққа бір келсейші,
Жолыңа мен қараймын күнде алаңдап.
Бақытың асып туган ардағымсың,
Өкенің атақ-даңқын жалғадың сен.
Тіл-көзден, айналайын, сен де аман бол,
Нұр жаусын талабыңа, Кенжеболат.

Әнуарбек

Тұла бойы тұңғышым Әнуарбек,
Атамыз атын қойды Әнуар деп.
Ертеде ел қорғаған батыр болған,
Ерекше соның атын ұнатам деп.
Мың тоғыз жүз алпыс үш, қоян жылы
Тудың сен он жетінші мамыр күні.
Ата мен анамыздың қолында өстің,
Ақылды, кішіпейіл, меймандос боп.
Бар байлық – бұл дүниеде зор денсаулық,
Аман бол, айналайын, орның бөлек.
Алды бол тең құрбыңның әрқашанда,
Бақытты бол, құлыным Әнуарбек.

Сағыныш

Сағындым бір жастағы Елмирамды,
Сағындым жалғыз қызым Гүлмирамды.
Сағыныш қызуы көп жалынмен тең,
Өртеді жүрегімді, өн бойымды.
Сұлусың Ай мен Күннен нұр алыпсың,
Шынымен жат жұрттыққа жаралыпсың.
Есімнен жатсам-тұрсам бір кетпейсің,
Гүлмирам, тау гүліндей маралымсың.
“Ақ сұңқарға ылайық бала едің,
Бөктергіге қор болып барамысың”.
Шынымен ұзап кетіп елімізден,
Көре алмай ел-жұртыңды қаламысың.

Әлди, бөпем!

“Ұзақ түнде ой мазалап қорқамын,
Өлеңімді оқыр ма деп ұрпағым”, –
Ақындардың жүрген дәйім алдында
Осыны айтты ұлы ақын Әбділда.
Басқа түскен бұл тағдырдың азабы,
Тіл білмеген ұрпақ ертең азады.
Ана тілге үйретпеген баланы
Кінә бізден, соны білсек болады.
Немеремді ана тілге үйретем,
Келінімді өз тілімде сөйлетем.
Деген оймен жұбатамын өзімді,
Қабыл алса тілегімді, сөзімді.
“Бабушка” деп айта көрме, қарағым.
“Әже” деші, айналайын, шырағым.
“Баюшки” деп бала уатпа, келінім,
Үйретейін ұқшы әженің әлдиін:
Айналайын айым-ай,
Алты қарын майым-ай.
Осы қалқам болмаса,
Кетіп еді жайым-ай.
Қазақтың бұл баласы,
Қандай әсем, қарашы.
Жаным десең, жанары
От-жалын боп жанады.
Өз тіліңнен жерінбе,
Үйренуге ерінбе.
Үйреніп қал, келінім,
Менің тірі кезімде.
Айналайын ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем.
Ана тілде сөйлесең,
Көңілім менің шат, бөпем.

Келіндерім – гүлдерім

Пай-пай, шіркін,
Қазақтың келіндері-ай.
Көл дария секілді пейілдері-ай.
Бір шаңырақ келінсіз көтерілмей,
Бір кереге келінсіз керілмеді.

(Өн жолдарынан)

Келіндерім – гүлдерім,
Көңілімдегі жырларым.
Жүректегі сырларым,
Сұлусыңдар, сырғалым!
Келіндерім – шынарым,
Ұлдарымның сыңары,
Ақ маралдай әдемі,
Ебіне сай әдебі.
Ата-ананың қыздарын
Өз балама балайын,
Қызығына қуанып,
Мен бір жасап қалайын.
Келіндерім – гүлдерім,
Сыйладыңдар мама деп.
Қуаныш кернеп жүректі,
Кең дүниеге сыймадым.
Келіндерім – гүлдерім,
Немерелер сыйладың.
Алаулаған арманым,
Сендермен атсын таңдарым.
Келіндерім – гүлдерім,
Таңғы самал желдерім.
Өмірдің сыйы сендерсің,
Сендерсіз күнім жоқ менің.
Келіндерім – гүлдерім,
Өмірдің сәні сендерсің,
Сендермен өмір гүлденсін.

Әже болу бақыт қой,
Қиындығы өмірдің
Болса-дағы көнейін,
Ақ батамды берейін.
Тіл-көзден сақта, жасаған,
Берік болсын босағам.
Жайнасын, өссін гүл бағым,
Бақытты болсын ұрпағым.
Келіндер келін түсіріп,
Жалғассын өмір, жалғассын.
Келіндерім – гүлдерім,
Көңілімдегі жырларым,
Жүректегі сырларым,
Сұлусыңдар, сырғалым,
Келіндерім – гүлдерім.

Айнашым

Жаңа шыққан күнімсің,
Өмірімнің гүлісің.
Немеремнің анасы,
Жүрегімнің жырысың.
Құтты болсын мерекең,
Кең пейілің – берекең.
Талғатымның Айнашы,
Үйдің сәні, айнасы.
Келін емес, балам бол,
Бала емес-ау, дана бол.
Өтіп кетсем дүниеден,
Жан ұяма пана бол.

Лида

Лидажан, кенже қызы ең атамыздың,
Бағы бол өзін құрған отауыңның.
Жолдасың Қадыржан гой өзіміздің,
Бітірген еліміздің екі ВУЗын.
Бұл күнде бала сүйіп ана болдың,
Қызығын көр лайымда балалардың.
Ер жетіп аман-есен келеді өсіп
Қазыбек, Қайнар менен Бибігүлің.
Әже боп немере сүй, шөбере сүй,
Атанып әулетіңе өнегелі үй.
Көкшеге көшіп келіп отау тіктің,
Босағаң берік болсын, Лидиятай.
Оқытып шәкірттерді ағылшынша,
Атандың елге сыйлы ұстаз апай.
Түсінем, оңай емес ұстаз болу,
Бағбандай баптай білу адамды ізгі.
Өрқашан қолдап жүрсін аруағы
Қадірлі Қазез атты анамыздың.

Алтай

“Өр Алтай, асқан Алтай, асқар Алтай” –
Өні еді сүйіп айтар Жамал апай.
Атыңды Алтайым деп атаң қойды,
Болсын деп еңсең биік асқар таудай.
Тудың сен жиырма бесі шілде күні,
Алпыс төрт айдаһардың жылы еді.
Өкеңнің қуанышы шексіз болды,
Бір жұма тойлап еді күні-түні.
Тудың сен Сырымбеттің саласында,
Болдың ғашық Ерсайынның Алмасына.
Сырымбет кіндік кескен жерің қандай,
Кез келді саған сұлу бір ақмаңдай.
Алмагүл жақсы көрген келініміз,
Қосылса екі жақсы атқан таңдай.
Ерекше мінезің бар асау тайдай,
Ұнатамын соның үшін, жаным Алтай.
Бойыңда жастық шақтың жалыны бар,
Алмагүл сүйген жарың, жан қалқатай.
Тілеймін бақытты өмір жанұяңа,
Алды бол тең құрбыңның, жаным Алтай.

Әлия

Әнуар мен Гуляның ерке қызы,
Әлия, Әлияшым, Әлияжан.
Өзіңнен қуыршағың үлкен екен,
Көзіңнен айналайын жаудыраған.
Сен – менің қызғалдағым, тау гүлімсің,
Сен келгенде үйіме шаттық енген.
Тыным көрмей жүгірген көбелегім,
Көйлегің өрнектелген әдемі екен,
Кіндікшешен Айжан гой оны әперген.
Жарасып тұр өзіңе құлыншағым,
Құлкіңнен сыңғырлаған айналайын,
Апалап құшақташы, туған айым.
Өмірдің сен болмасаң несі қызық,
Бір иіскеп, бір сүйейін, келші, жаным!
Әлия, Әлияжан, Әлияшым.

Туған күн туралы ой

Жақсы әдет бар арамызда,
Туған күнді тойлайтын.
Жақсы өтір, жақсы жиһаз,
Раушан гүлін сыйлайтын.
Жақсы ғұрып, жақсы салт бұл – ғанибет,
Туған-туыс, дос-жаранды жинайтын.
Құтты болсын туған күнің, ұлдарым,
Құтты болсын туған күнің, қыздарым!
Еліміздің болашағы сендерсің,
Көрінетін биіктер мен өрден шын.
Туған күнде ұмытпаңдар, ұл-қыздар,
Жанарыңнан жымың қағып жұлдыздар.
Кім сендерге жарық дүние сыйлаған?
Ол анаң ғой, тоғыз ай мен тоғыз күн
Құрсағында көтеріп,
Жарық дүние сыйлаған.
Сол себепті туған күнде, ұлдарым,
Өсем әндей әп-әдемі қыздарым,
Сыйла анаңа бір шоқ гүл,
“Мама, сені туған күніңмен,
Құттықтаймын!” – деп айтуды
Ұмытпа, керек емес көп сөзің.
Тек елесең болғаны, сонда сен көр,
Қалай ана жанары қуанышқа толады!

Есім ағатайымның елге хаты

Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан кез еді. Каркенов Есім ағатайым бір аяғынан айырылып, қос балдақпен елге оралды. Апамның айтуынша, Есім ағатайым соғыстың алдында Көкшетауда газет редакциясында істеген. Өлең жазатын, алғыр болыпты. Әскерден жазған, хатпен келген өлеңін біз ойында, шілдеханада айтып жүрдік. Көп кешікпей Есім ағайым қайтыс болды. Есімде қалған сол өлеңін жариялап, асыл ағаны еске алғым келді.

Қалима, бауырым қарағым,
Бойда сауыт жарағым.
Ата-анаға сәлем де,
Майданға кетіп барамын.
Болат қару қолымда,
Түсерміз жаудың соңына.
Бұдан да аман қайтармыз,
Бастаса жалғыз оңына.
Хатты талай жазғаным,
Алсаң да хат жазбадың.
Осы менің арманым,
Кеткелі хат алмадым.
Қызмет жәйін байқарсың,
Көңілің гүлдей жайқалсын.
Өке-шеше, бауырыңа
Ақылыңды айтарсың.
Қабай, Тоқыш ағалар,
Туған бауыр және бар.
Менен арнап сәлем де
Өлпе, Өй-апам анаға.
Соныменен біздің үй,
Ауылға көшіп барды ма?

Есімсейіт кетіп сапарға,
Әлде базда қалды ма?
Көңілдегі алаңым,
Біле алмай соның хабарын.
Осы хатты алысымен,
Хабарын жаз ағаның.
Біз ел жаққа барғанша,
Қол ұстап сәлем бергенше,
Қош болындар, бауырлар,
Есен-аман көргенше.

Елмирашым

Елмирашым алтыным,
Ботақаным, жарқыным.
Алма ма екен, бал ма екен,
Сенен төтті бар ма екен?
Ұнатамын сөзіңді,
Жаудыраған көзіңді.
Қызғалдақтай әдемі,
Жақсы көрем өзіңді.
Қайың ба екен, тал ма екен,
Шыт көйлегің сәнді екен.
Айналайын ақ бөпем,
Сенен сұлу бар ма екен?
Төй-төй, бөпем, төй, бөпем,
Жүрсең көңлім жәй, бөпем.
Үілдеген сөзіңнен
Жүрек балқыр, жан бөпем.
Құлын ба екен, тай ма екен,
Жаңа туған ай ма екен.
Сағындым ғой бөпемді,
Елмирашым қайда екен?

Еркем менің

Қанатым – өркен жаяр еркем ерен,
Неткен ыстық немерең, еркелеген!
Бір жасқа бүгін толдың, құлыншағым,
Жігіт боп қуантарсың ертең өрен.
Қанатым, қарағым деп әнге салдым,
Балбөбек немеремсің шыбын жаным.
Талпынып жүремін деп ұмтыласың,
Құтты болсын қадамың тәй-тәй басқан.
Бала тілі – бал деген, ата деші,
Бір қуанып қалайын, апа деші.
Өкең келді жұмыстан, шаршаған гой,
Жанына бар еркеле, әке деші.
Қылығың еркелеген балдан төтті,
Түріңнен айналайын, тым сымбатты.
Ер жетіп елін сүйер азамат бол,
Батыр бол, халқың сүйіп ардақтасын.
Сөбиім, күлкің сенің ашық аспан,
Бар байлық тең келмейді асып-тасқан.
Ауырма, денсаулығың мықты болсын,
Анаға арман бар ма одан асқан.

Темірланым

Ризамын, сені берді жасағаным,
Тәттім-ау, сенсіз қалай жасағанмын?
Өжелеп Темірланым еркелесе,
Бейне бір келіншектей жасарамын.
Сен – менің еркелеген ақ ботамсың,
Береді әжең саған ақ батасын.
Кейде бір ойнақтаған құлындайсың,
Аспанда жаңа туған айымдайсың.
Өкеңнің жаңа шыққан күніндейсің,
Қуанып әр нәрсеге күлімдейсің.
Жүрегің неткен нәзік еді сенің,
Шешеннің мәпелеген гүліндейсің.
Асылым, ақылдысың Темірланым,
Сен – менің кеудемдегі шыбын жаным.
Тіл-көзден, айналайын, аман жүрші,
Алдымда бейне жанған шамшырағым.

Нұрболға

Нұрлы болсын әрбір атқан таңдарың,
Сәтті болсын қадам басқан алда күн.
Тал шыбықты ат қып мінген алты жас,
Оң-солыңды айыруға қадам бас.
Адамзаттың баласы бол, алтыным,
Өмір саған көрсетпесін салқынын.
Ақыл, қайрат, жігер берсін жасаған,
Бақытты бол, бақытты бол, жарқыным.

Жетіге толды

Жетіге толды немерем,
Қиындықты елемен.
Жапырағы жайқалса,
Жасарғандай кәрі емен.
Қуанышы мамаңның
Жүрегіне сыймайды.
Туғандарды шақырып,
Қадамыңды тойлайды.
Темірланым, берік бол,
Өкеңе еріп серік бол.
Үздік оқып мектепте,
Өжеңе, жаным, көрік бол.

Әлібек туғанда

Алматыдай ардақты астанада,
Немерем дүниеге келген екен.
Мың бір рахмет алланың рахымына,
Ұл туғанға күн туар деген екен.
Іңгөлаған дауысың шақырады,
Бір көруге сені өжең асығады.
Бөпешімді иіскесем құмарланып,
Жүректегі сағыныш басылады.
Тілеймін зор денсаулық жас анаға,
Дүниеге жаңа келген жас балаға.
Бұғаулап теңге деген жібермейді,
Мен қашан жетер екем астанаға.
Қуаныш біздің үйде үлкен той бар,
Соятын оған арнап үлкен қой бар.
Тезірек аман жетсем ағайынға,
Қалжаға шақырғандай және де ой бар.
Жете алмай мен балама асығамын,
Қолымнан іс келмеді, ашынамын.
Елдегі келін-кепшек арасында,
Мен неге сөнген оттай басыламын.
Атасы, амалын тап осы істің,
Сенсің ғой маған тірек, ерек күштім.
Поезға отырғызып шығарып сал,
Мән-жәйін түсінгейсің болған істің.

Бауырларым

Мен бәріңді сағынамын, мына мені
Сағынататын ешкім жоқ, неғыламын.

Т.Молдағалиев

Жанашыр бұл дүниеде бауырларым,
Қилаж аға, Бәри інім деп жүрем.
Сағынамын көп көрмесем сендерді,
Төркінім деп, жыл құсындай кеп жүрем.
“Ел ұстарым” деуші еді ағажан,
Аманым бар, Амангелді жиенім,
Қапез, Қадес, ағалары Төлеген,
Өздеріңмен бірге таттым ағажанның ақ дәмін.
Сары бие қымызын бөліп ішкем,
Сіңділерім Галя, Гүлсім бірге өскен,
Жаным-күнім, айналайын сендерден.
Көздері деп артта қалған төтемнің,
Бір аллаға шүкіршілік деп жүрем.
Өнназига шешем аты,
Төрт қыз қалдық артында.
Тәтелеген сіңділерім,
Мәрәш, Сараш, Дәләшім.
Шынымды айтсам, бауырларым,
Мен сендердің бәріңменен
Бірге туып, бірге өскем.
Қызықты да бірге көріп,
Қиындықты бір кешкем.
Бауырларым, айтыңдаршы,
Қалай ғана қиясыңдар айтуға,
Мені бірге тумады деп сендермен?!
Осы толғау оқысаңыз,
Өр адамға ой салар.
Кейінгі жас келіндерге
Айтар ақыл сөзім бар.
Өмір кілті қолдарыңда,
Бала жалғыз болмасын!

Сапар ініме

Анадан асыл туған бауырымсың,
Жәй емес, асқар таудай дауылымсың.
Елуді ерттеп мінген ер жігіттің,
Ішінде өзің, Сапар, төуірісің.
Су алады құдағиым құдығыңнан,
Шәй қояды осы судың тұнығынан.
Жақсының жақсылығы білінбей ме,
Ісінен, мінезінен, қылығынан.
Алмастай алған беттен қайтпайтұғын,
Ойласпай текке уәде айтпайтұғын.
Шын төре Сапар біздің бекзат туған,
Сөз берсе, одан өсте қайтпайтұғын.

Қатияға барғайсың

Ауырса тісің,
Оңбайды ісің.
Елемейді барын
Жазың мен қысың.
Бугандай тылсым,
Көргендей қысым.
Кейиді жаның,
Ала алмай тыным,
Ауырса тісің,
Қақсайды жағың.
Атпайды таңың,
Шарқ ұрып кетесің
Ауылдың маңын.
Осы бір сырым,
Ауырып тісің,
Оңбаса ісің,
Қатияға барғайсың.
Бүтінін қалдырып,
Ескісін алдырып,
Алтынмен аптап,
Күміспен қаптап,
Тіс салдырып алғайсың.
Қатияға барғайсың!

Көкшенің асыл туған азаматы

Іңкәрбек Кенжахимовке

Мен келдім Айыртаудың аясынан,
Атақты сал Сырымбет саласынан.
Көктемнің жылы лебін ала келдім,
Киелі Саумалкөлдің жағасынан.
Шыңына Оқжетпестің көз жете ме?
Мақтауға Іңкәрбекті сөз жете ме?
Көкшенің асыл туған азаматы,
Іңкәрбек сал-серінің өзі емес пе?
Марфуга, әдеппенен күлімдейсің,
Жаным-ау, сая бақтың гүліндейсің.
Қоса ағар қосағыңмен деп тілеймін,
Сен-дағы хор қызының біріндейсің.
Нарықтың қыспағына мойымадың,
Ауыр жүк, елдің қамын мойнына алдың.
Кеңшарың жеке меншік өз атыңда,
Болсын деп мен тілеймін ойымдағым.
Іңкәрбек, азаматсың, адал жолдас,
Марфуга, өзіңменен болдым сырлас.
Әнуарбек Ақылбекпен дос боп өсті,
Екеуі бірге оқыды, болып құрдас.
“Өмірдің бар қызығы бала деген”,
Немере оттан да ыстық еркелеген.
Достықтың куәсіндей құлыншағың,
Іңкәрбеков Қанатбек соңыңа ерген.
Сол жылдар сексенінші есімізде,
Жастық шақ еңбек еткен елімізге.
Дем алып, серуенге де шығушы едік,
Жалаң аяқ жарыстар есінде ме?!
Өмірдің көбі өтіп, азы қалды,
Жақсы істер, жақсы ниет есте қалды.
Поэма Іңкәрбекке жазамын деп,
Марфуга, нанамысың қолым талды.

Іңкәрбек, құтты болсын алпыс жасың,
Жаныңда аман болсын Марфугашың.
Алпыс қос алпысыңа деп тілейді,
Қанатбек-Бақыт атты замандасың.

Сүндет той

Армысың асыл құда, Жәкең аға!
Той болса жол қашық па екі араға.
Қызылжар дәмі тартып келіп қалдық,
Мұсылман боп жатқан соң ерке бала.
Өмірдің ащы-тұщы өткелі көп,
Жете алмай осы күнге өткені көп,
Сүндеттеу пайғамбардың парызы деп,
Бұл тойдың үлгі-өнеге берері көп.
Атақты керей-уақ баласысыз.
Ағайын, туғандардың панасысыз.
Тоймаңыз нәрлі өмір қызығына,
Кездеспей қиындықтың сызығына.
Адал жар, ел ағасы қадірменді,
Үлгісіз еліміздің ұл-қызына.
Талапты болса бала қыран құстай,
Құмары қанбас сірә аспанға ұшпай.
Деген сөз бар атадан бізге қалған,
Өссін Өмірсерігің атасына ұқсай.

Құрбыма

Тойына келіп қалдым замандастың,
Тілеймін амандығын мал мен бастың.
Мен жүрдім елден алыс шалғай жақта,
Қызығын бір көрейік алпыс жастың.
Жақсының жақсылығын елі айтады,
Сандықтау, Сарыарқадай белі айтады.
Дарига, сен болмасаң Саумалкөлде,
Құрбым деп мына мені кім айтады.

* * *

Өрмек тоқып, тон пішкен,
Оймақтының шебері,
Есеп-шоттың жүйрігі.
Ұл өсіріп күн сүйген,
Дарига – ел анасы.
Бейнет, зейнет бір көрген,
Бөкең – жігіт марқасы.
Ақ бантиктей жарасар,
Ақ орамал қарашы.
Инабатты, әдепті,
Келіндердің анасы.
Оқаланған қамзолың,
Өн бойыңа жарасты.
Менің әжем деп шулап,
Немерелер таласты.
Бақыттысың, Дарига!
Өткеніңе көз салшы.
Атсалысқан тойыңа,
Қуат берер бойыңа,
Мейрам ғажап бауырың.
Тұлпар мініп, ту алар,
Қосағыңмен қоса ағар.
Деп тілейді, Дарига,
Абыз болған ағалар.

Дос-жаранмен тойлансын,
Тойың тойға ұлассын.
Немерелер ән салып,
Бірге өзіңмен қуансын.
Шалқарында шабыттың,
Тіл тиегін ағыттым.
Қабыл етсін жасаған,
Ақ тілегін Бақыттың.

Қанатын жайған өмірге

Еңбек жолын бастадық
Алпысыншы жылдары.
Білімге құмар боп өстік
Қазақтың ұл-қыздары.
Қиындығы, қызығы,
Махаббаты мол жылдар.
Жиырма бестің қызуы
Басылмаған сол жылдар.
Адам ұшып гарышқа,
Тілдесті бізбен жұлдыздар.
Күөсіндей өмірдің
Дүниеге келді ұл-қыздар.
Бұтақ жайды бәйтерек,
Жапырағы жайқалып,
Тамыры терең жер бойлап,
Жыл өткен сайын көркейіп,
Суықта пана, ығы бар,
Ыстықта болар көлеңке.
Қанатын жайған өмірге
Батыр ана Мәдина.
Өмірге аңыз, ару жан,
Қосайын өрім өлеңге.
Паш етейін атыңды
Айыртаудай өлемге.
Қос аққудай қалқыған
Саумалкөлдің көлінде,
Жетпісбай мен Мәдина
Алпыстың асты беліне.
Жылқы жалын төсесін,
Той-домалақ шығынның
Алла берсін есесін.
Алпысқа жеттің айдай боп,
Жетпісбайға сен өлі
Қымбат жансың Мәдина,

Лебізің шекер-балдай боп.
Құтты болсын алпысың,
Өжелердің алдысың.
Мәуелі ағаш бөйтерек,
Өмірің гүлдей шалқысын.
Жетпісбаймен бір жасап,
Қазы-қарта, жал-жая
Қазаныңда балқысын.
Ұл-қыздарың аман боп,
Қыдыр ата қолдасын.
Дұшпандарың оңбасын,
Аман болсын отбасың.

Еңсең биік Көкшедей

Болат Жанәділовке

Жыр өрдім оймен,
Өткенді еске түсіріп,
Болаттай асыл досыма.
Ерке боп өстің,
Сүйкімді болдың
Ағайынға, досыңа.
Оқуда зерек,
Достарды елеп,
Жүруші ең жиып қасыңа.
Ұстаздар берген
Ұлағат бізге
Құйылды нұр боп жүрекке.
Ел үшін төктің терінді,
Ажалмен түсіп айқасқа.
Сағатпен емес секундпен
Өлшеніпті-ау уақыт.
Неше мыңдай пендеге
Қол ұшын бердің?
Есеп жоқ.
Жар тандай білдің,
Ақ маралдай құрбым,
Өмірлік Заря жолдасың.
Дәнекер болдым
Екеуіңе жан ашып.
Қуаныш бөлек,
Толқиды жүрек,
Екеуіңді көргенде.
Қадірлі достарым,
Жолдасқа да, елге де,
Гүлденіп өмір,
Шалқиды көңіл,
Ғашықтықтың үлгісін

Өздеріңнен көргенде.
Алпысқа толып,
Ата жасқа келгенде,
Еңсең биік Көкшедей,
Ел ағасы атандың.
Келесің көш басында
Өзің теңді қатардың.
Көкшедей сөнді,
Сырымбеттей сырлы,
Болат-Заря достарым,
Тілеймін болсын деп
Өмірлерің нұрлы.

Ақ алғысы Айыртаудың

Қалымтай Қалымжановқа

Есімде әсем сақталыпты,
Айыртаудың ерке өзені.
Сөйлетейін ақиқатты,
Емес бірақ бұл ертегі.
Ұмытпаймыз Қамсақтыны,
Беттен өпкен толқынымен.
Жасыл жайлау паң даланы,
Сайрандадық Құлагермен.
Сүйдім ерке өзенімді,
Тұнығынан ұйқас іздеп.
Жарып шыққан өзегімді,
Өлеңіммен кеттім өрлеп.
Қамсақтының жағасында,
Қалды біздің балғын шақтар.
Құмалақтың даласында,
Даңғыл болған жатыр жолдар.
Алпыс бестің жаз айында,
Таныстық біз Қалымтаймен.
Абзал достың ордасында,
Өлең туын көтердім мен.
Қалымтай мен Зурә құрбым,
Қозы-Баян жас отаулар.
Дәмдес болып бірге жүрдім,
Арамызда Қанатбек бар.
Кәусәр іштік Жалғызтауда,
Сандыбайдың бұлағынан.
Қол бұлғадық ақ арманға,
Тосқан бізді алдымыздан.
Бәріміз де алпыс бесте,
Келдік “Карасев” совхозына.
Жастар едік жиырма бесте,
Қарсы жүрген толқындарға.

Тоқыраудың мұзын ойып,
Кеттік өсіп басшылыққа.
Тосындарды сырып қойып,
Төтеп бердік қарсылыққа.
Қалымтай мен Қанатбектер,
Директор боп нешеме жыл.
Төкті теңіз маңдайдан тер,
Неткен ғажап дегендей бұл.
Деменіздер бұл бір аңыз,
Махаббат, қызық мол жылдардан.
Ел айтады сұрасаңыз,
Көрген ісін ұлдарынан.
Тәуелсіз ел аясында,
Әлі ажарлы Қалекеміз.
Жайнап жетті алпысына,
Зурәсімен жан досымыз.
Алпыс жасы құтты болсын,
Зурә менен Қалымтайдын.
Той иесі күндей күлсін,
Алғысымен Айыртаудын.

Сүйінші

Туғанда дүние есігін ашады өлең.

Абай

Сүйінші, дүниеге бала келді,
Іңгөлап қуанышын ала келді,
Қуанып екі атасы, екі апасы,
Әлди, бөпем әніне салады енді.
Сүйінші, дүниеге адам келді,
Жас иіс Диана атты дана келді.
Құрдасы, жаңа ғасыр замандасы,
Жақсылық сіз бен бізге ала келді.
Бұл өмір көңілді ғой сәніменен,
Жастарға үлгі берер мәніменен.
Іңгөлап дүниеге сәби келсе,
Қарсы алар аналары әніменен.
Арайлы Айыртаудың аясында,
Киелі Сырымбет тау саласында,
Қалжа той өтіп жатыр, куәсі біз,
Айнадай Саумалкөлдің жағасында.
Көңілім көтеріліп толып отыр,
Ойыма бір жақсы ой келіп отыр.
Бауы берік болсын деп жас сәбидің,
Бақыт апаң батасын беріп отыр.
Саумалкөл сауық-сайран құра берсін,
Іңгөлап немерелер туа берсін.
Жамалжан, өзіңе ұқсап немереңіз,
Ізетпен ата жолын құа берсін.

Әке

Нұрым Серікұлына арнаймын

Есімінді жаттаймын,
Мөңгі есімде сақтаймын.
Бақыл бол, менің жан әкем,
Өзіндей пана таппаймын.
Еркелеткен ботам деп,
Бәйгеге қолдан қосам деп.
Ұзақ сапар шеккенде,
Сағынумен тосам деп.
Қысқа да болды ғұмырың.
Жақсы боп өсем өзіндей,
Ұмытпайды құлының.

Жоқтау

Ана қалды еңіреп,
Ет жүрегі елжіреп.
“Апам қалды-ау”, – дегенің,
Құлағыма кеп жүред.
Өсірген өзің мәпелеп,
Ұл-қызың қалды әкелеп.
Көз алдымда жүргенің,
Немеренді жетелеп.
Қилаж атты ағам-ау,
Сағынсам қайдан табам-ау.
Бұл дүниеде бауырдан
Айырылған жаман-ау.
Бәри жалғыз бауырың,
Ел-жұртың қалды, ауылын.
Ағайынның ішінде
Бір өзің едің тәуірім.
Үлкендігіңді білдіріп,
Келіп-кетіп жүруші ең.
Сары “Жигули” көрінгенде,
Бір жасап қалушы ем.
Қара жердей қайғысы,
Артыңда қалған ананың.
Алла алады жақсысын,
Дегені рас дананың.
Төркіндеп кімге келермін,
Еркелеп кімге жүрермін.
Бұл дүниеде мен енді,
Ағасыз өмір сүрермін.
Досыңа адал жан едің,
Судан да сұлу жүрегің.
Жәннатта болсын жаныңыз,
Бір алладан тілегім.

Қайран төтем

Бопаш апайдың рухына арнаймын

Қайран менің Бопаш төтем,
Балахаң деп, аптайым деп
Сөзді әріден бастайтын.
Кездескенде әзіл айтып,
Рухымызды көтеріп бір тастайтын.
Қайран менің Бопаш төтем,
Қара жерге қимаймын.
Бауырмалды абзал жүрек,
Бейнеңді есте сақтаймын.
Қайран менің Бопаш төтем,
Ақылменен бізді баурап алатынсың.
Күлімдеп күндей жылы жүзіңменен
Келінді кем көрмеуші ед баласынан.
Айырылды Арқа өңірі анасынан,
Ұлы өже, Бопаш атты данасынан.
Бағыштап өзіңізге дұға оқыдым,
Төркінің, Сырымбеттің саласынан.

Бесік тойына

Айжанға

Ақ білегі анамның
Ақ бесікті тербеткен.
Самал желі даламның
Өлдилеген, әндеткен.
Сол бесікте ержеткен
Атаң менен апаң да.
Сол бесікке бөленген
Балахаңдай бабаң да.
Өлди-өлди, ақ бөпем,
Ақ бесікте жат, бөпем.
Құлыншағым, құлыным,
Көңілім менің шат, бөпем.
Айналайын Өмірім,
Қолдап жүрсін төңірім.
Өмірім менің, Өмірім,
Өзіңсің менің тәуірім.
Бесік жыры өн екен,
Бала – үйдің сәні екен.
Арпа, бидай ежелден
Қасиетті дән екен.
Бесік тойын тойлайық,
Ертеңді де ойлайық.
Айналайын ақ ботам,
Қызығыңа тоймайық.

Қос аққу

Зина төтеме

Әсем нұрлы жүзіңіз әлі есімде,
Аяулы ұстазымыз Зейнеп төте.
Өз ісінің маманы, майталманы,
Қара сөзден түйетін сұлу кесте.
Естідім, келіпсіздер жетпіс жасқа,
Алла амандық берсінші мал мен басқа.
Еске алып, апа-жезде, өлең жаздым,
Риза болыңыздар ықыласқа.
Ұстаздық жолыңыз бар жарты ғасыр,
Шәкірттер сансыз көп қой ұлан-асыр.
Қанатбек, Болат, Заря, Өділбектер
Алпысын, ата жасын, тойлап жатыр.
Қорған, тірек болатын бауыр керек,
Ақыл-кеңес беретін апа керек.
Бота жездей, Зина апай ұстаздарым,
Өмірде біздер үшін орны-ай бөлек.
Білім – дария өмірде ойлағанға,
Қиындықтан қаймықпай бойлағанға.
Қос аққу – апа-жезде жарасымды,
Қуанамыз ел сүйіп, сыйлағанға.
Үлгі-өнеге жастарға өміріңіз,
Ақ ниет, жайма-шуақ көңіліңіз.
Балалар, немерелер аман болсын,
Отбасыңыз мол ырысқа толсын.

Әділбек-Ұлпа

Уа, тойға келген ағайын,
Алдыменен сіздерге
Сәлем беріп алайын.
Әділбек пен Ұлпаның
Дастарқаны басында
Өлең айтып бере алмай
Мына мен неге қалайын.
Сөзді ертеден бастайын,
Өткенді еске түсіріп,
Көңілдерін достардың
Көтеріп бір тастайын.
Баяғы өткен заманда
Дін-мұсылман аманда
Әжелері дос бопты
Әділбек пен Ұлпаның.
Үйлендіріп ұлдарын,
Армандайды аналар
Сәби көрсек келіннен,
Бірі ұл, бірі қыз болғанын.
Жылында мың тоғыз жүз қырқыншы
Дүниеге іңгөлап сәби келді.
Әділбек деп ат қойып әжелері,
Ант етті: сіздің үйде қыз туса,
Өмірлік құда болайық.
Жалғассын солай мың жылға
Достығымыз жарасқан.
Жаратқан жалғыз қолдады,
Оң бір іске жолдады.
Әділбек үшке толғанда,
Күлөн апай босанып,
Дүниеге қыз келді.
Өте нәзік, сезімтал,
Періштенің өзі еді.

Өжелері қуанып,
Еншалла деп уанып,
Көз тимесін дегендей
Ұлпа қойды қыз атын.
Ант берісіп өзара,
Көз жасымен бекітіп,
Өжелері сәбидің
Құда түсіп қойыпты.
Қан майданға жүрерде
Өділбектің әкесі,
Көз жасын көл гып анасы,
Қоштасарда сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
– Қарашығым, құлыным!
Алаң болма артыңа.
Аман барып, сау қайтсаң,
Көрерсің ертең қызығын
Сәлима мен Өділбек,
Артта қалған бүлдіршін –
Қызың менен ұлыңның.
Өділбек өсті сұңқар боп,
Ұлпа жанға іңкәр боп.
Хабарсыз кеткен әкенің,
Сапура сынды анамыз,
Намысын қолдан бермеді,
Бұл фәниден өтерде,
Бақилыққа көшерде,
Өділбектің әжесі,
Рабиға атты анамыз,
Келініне айтқаны:
“Ерте қалдың еріңнен,
Жақсылық көрдім келіннен.
Өділбегім мен Ұлпаны
Ержеткен соң қоса гөр”, –
Осыны айтып қоштасты
Ұлы әжеміз өмірмен.

Ай мен Күндей жүзі бар,
Сымдай нәзік белі бар,
Сөзі бейне шекер-бал,
Ұлпа гүлдеп, түрленді.
Өділбекке ұнайтын
Гүл-гүл жайнап күлгені.
Қалыңдығың Ұлпа деп,
Өжелер сертін бұзба деп,
Көп әңгіме айтатын
Сапура сынды анамыз.
“Ғашықтың тілі – тілсіз тіл,
Сыртын көр де ішін біл”, –
Деген сөзін Абайдың
Өділбек жаттап жүреді.
Он сегізге Ұлпа толғанда,
Өділбек келіп әдеппен
Шын көңілін білдірді.
Сонда Ұлпа сөйлейді,
Сөйлегенде бұй дейді:
“Шын сұлтан болсаң, Өділбек,
Құда түс те, той жаса.
Жүрегім сені қалады,
Өзіңсің менің сүйгенім!”
Егіндіағаш ауылы –
Жыр бұлағы емес пе?
Қуәсі болдық сол тойдың
Осындағы ағайын.
Отыз күн ойынын жасатып,
Өнмен таңды атқызып,
Қол ұстасқан қос аққу
Қызылжарға бет алды.
Өділбектің ол жерде
Апасы мен жездесі.
Бірі ана, бірі болды өкесіндей.
Келінге болды Сәлима апай
Өзінің бірге туған төтесіндей.

Қызылжарда екі жас
Білім алып гүлдеді.
Міне, біздің Өділбек –
Қос диплом иесі,
Экономист-бухгалтер,
Ұлпа – ұстаз білікті.
Ұл-қыз келді өмірге,
Махаббаттан жаралған.
Бүлдіршіндер көрікті,
Немере сүйіп, марқайып,
Аман-сау өсіп-өніпті.
Батасын алған ананың,
Жолын қуған атаның,
Өділбек-Ұлпа тойына
Құтты болсын айтайын,
Еске алдым өткен күндерді.

Кәсіпкер

Қапезім, ағажанның көзіндейсің,
Нағашым Ақан сері сөзіндейсін.
Ақ ниет, адал жүрек, мейірімді
Әбекең жездеміздің өзіндейсің.
Мыңдаған шәкіртің бар ұстаз едің,
Шалдырмай Кұлагерді шыққан едің.
“Мәрмәр” атты нарықта дүкен ашып,
Ел көңілін көтеріп тастап едің.
Жиен неге ел болмасын малы болса,
Қапез неге болмасын іскер маман,
Кұлпаштай озық ойлы жары болса.
Кәсіпкер атын алдың абыроймен,
Мақсатыңа жете бер ақыл-оймен.
Жұмыс орнын көбейтіп ашсаң болды,
Жаңа ғасыр есігін ұлы тоймен.
Бауырым, туған күнің құтты болсын,
Алға басқан қадамың нұрға толсын.
Колқанатың балалар аман болып,
Ордаңа шат-шадыман бақыт қонсын.

Жырыңның жақсын жұлдызын

Бақыт Әбділмановаға

Ұлға балар әкенің,
Ақ арманы асылы.
Сұлу өлең әлемін
Қолына берген ғасыры.
Ұстаздық пен ақындық
Аспандатқан дарынын.
Апайдың жырын сағындық,
Нұрлы еткен жырлы қауымын.
Ұстаздық пен ақындық –
Өсірген баптап егізің.
Ұрпаққа құнды базарлық –
Асыл мұра өз үнің,
Бақыт жазған өлеңнің,
Бұза алмас ешкім ұйқасын.
Ақын өрген сырлы өнін,
Жастар сүйіп шырқасын.
Түн ұйқысын төрт бөлген,
Төзімің берік асылсың.
Ақ таңнан нұрлы ой өрген,
Тамаша лирик ақынсың.
Ұстаз болу бір кезде,
Арманы еді апайдың.
Ұстаздық етті біздерге,
Шырағын жағып арайдың.
Бар саналы өмірін,
Арнады ақын беренге.
Айтылмай келген көп өнін,
Жазды кезі келгенде.
Ұстаздық пен ақындық –
Апайдың алған асуы.
Беу, ағайын, ақынды ұқ,
Көтерген жүгі – нарға жүк.

Ақын апай, асылым,
Әнінді шыңнан асырғын.
Жырыңның жақсын жұлдызын
Келе жатқан ғасырың.

*Тайлақ Жалмұрзенов
Айыртау таңы. 1999 ж. 19 қараша.*

Ғұмырдерек

Бақыт Әбділманова 1939 жылы қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданының Шолақөзек ауылында дүниеге келген. Көкше өңіріне аты шыққан атақты Әйберген қажының ұрпағы.

1957 жылы Сырымбет орта мектебін бітіріп, Қыздар педагогикалық институтының физика-математика факультетіне оқуға түскен. 1962 жылы жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін бұрынғы Көкшетау облысының Айыртау, Щучье, Рузаев аудандарының мектептерінде мұғалім болып еңбек еткен. Мыңдаған жасөспірімдерге сапалы білім беріп, өмірге қанаттандырып ұшырды. Қажырлы еңбегінің арқасында шәкірттері мен әріптестерінің арасында сый-құрметке бөленіп, өз ісінің білгірі, ұлагатты ұстаз атанды.

Жолдасы Қанатбек Балахметұлы екеуі бес бала тәрбиелеп өсірді. Олардың барлығы жоғары білім алып, бүгінде әр салада абыройлы еңбек етіп жүр.

Б. Әбділманова 1992 жылдан зейнеткерлік демалыста. Бірнеше немере сүйіп, балаларының ортасында бақытты өмір сүріп отырған ардақты ана.

Осы кітабымның жарыққа шығуына демеушілік көмек көрсетіп, жанашырлық танытқаны үшін Солтүстік Қазақстан облысындағы “Березовка” ЖШС-нің директоры Іңкәрбек Кенжахимовқа, “Сырымбет” ЖШС-нің директоры Шоқан Бақрамовқа, “Шоққарағай” ЖШС-нің бас экономисі Әділбек Бейсенбинге, Ақмола облыстық құрылыс тресінің бастығы Амангелді Қаймулдинге және “Жібек жолы” баспа үйінің бас директоры Бақытжан Қанапияновқа шынайы алғысымды білдіремін.

Автор

Мазмұны

Әлди әнмен өрілген өлендер. <i>С. Ақтаев</i>	5
Қасиетті тұмарым Шолақөзек	9
Сырымбет	10
Кеңашы	12
Сұлу Көкше	14
Саумалкөлді сағындым	15
Анашым	16
Еске алу	19
Жан ана	21
Саумалкөл	22
Қайран елім	23
Рузай	24
Абай	25
Кенжеш-Айжан	26
Ақ тілек	27
Өмір гүлі	28
Дәрігер қыз	29
Көкшеде нелер дүлдүл бар	30
Асылым	32
Бауырға тілек	33
Аманым	34
Елу бес	35
Орынбай ақын ұрпағы	36
Айқын аға	37
Ұлағатты мектебім	39
Шашу етем жыр гүлін	41
Тәуелсіздік алаңы	42
Талғатым	43
Арнау	44
Әжелер әні	46
Кәмеш	47
Үлесім бар	48
Болашағы елімнің маған да мұң	49
Тайлақ жезде	50

Нұр жаусын талабыңа, Кенжеболат	52
Әнуарбек	53
Сағыныш	54
Әлди, бөпем!	55
Келіндерім – гүлдерім	56
Айнашым	58
Лида	59
Алтай	60
Әлия	61
Туған күн туралы ой	62
Есім ағатайымның елге хаты	63
Елмирашым	65
Еркем менің	66
Темірланым	67
Нұрболға	68
Жетіге толды	69
Әлібек туғанда	70
Бауырларым	71
Сапар ініме	72
Қатияға барғайсың	73
Көкшенің асыл туған азаматы	74
Сүндет той	76
Құрбыма	77
Қанатын жайған өмірге	79
Еңсең биік Көкшедей	81
Ақ алғысы Айыртаудың	83
Сүйінші	85
Әке	86
Жоқтау	87
Қайран төтем	88
Бесік тойына	89
Қос аққу	90
Әділбек-Ұлпа	91
Кәсіпкер	95
Жырыңның жақсын жұлдызын. <i>Т.Жалмұрзенов</i>	96
Ғұмырдерек	98

Әбділманова Бақыт Ағзамқызы

ЖЫР-ТҮМАР

Өлеңдер

Редакторы *С. Ақтаев*
Компьютерлік түзетулерін салып,
беттеген *И. Селиванова*

Басуға 31.05.04 қол қойылды. Пішімі 60x84¹/₁₆.
Қаріп түрі "SchoolBook". Есепті баспа табағы 6,5.

"Жібек жолы" баспа үйі
480091, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.
Тел.: 72-65-01.